

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы	044-60/11 3 беттің 1 беті
Бақылау өлшеу құралдары	

## **БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ**

Бағдарламаның аралық аттестациялауға арналған сұрақтары

**БББ атауы:** 6B10111«Қоғамдық денсаулық», 6B10106«Фармация»,  
«6B10104-Мейіргер ісі»

<b>Пәннің коды</b>	QEN 1101
<b>Пәннің атауы</b>	Құқық және экономика негіздері
<b>Оқу сағаттарының саны / кредиттер</b>	150 сағат / 5кредит
<b>Оқу курсы мен семестрі</b>	1 курс / 2 семестр

<b>ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы	044-60/11 3 беттің 2 беті
Бақылау өлшеу құралдары	

## **Бағдарламаның аралық аттестациялауға арналған сұрақтары**

1. Құқықтың түсінігі және мәні.
2. Құқықтың негізгі салаларының сипаттамалары.
3. Мемлекеттің пайда болуының негізгі теориялары.
4. Мемлекет туралы түсінік. Мемлекеттік белгілер. Мемлекет нысаны.
5. Конституциялық құқықтың түсінігі, субъектілері және қайнар көздері.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы - елдің Негізгі Заңы.
7. Адам мен азаматтың құқықтық мәртебесі.
8. Қазақстан Республикасы Президентің құқықтық мәртебесі.
9. Қазақстан Республикасындағы заң шығару билігі.
10. Қазақстан Республикасындағы атқарушы билік.
11. Қазақстан Республикасындағы сот билігі.
12. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құқықтық мәртебесі.
13. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және езін-өзі басқару.
14. Әкімшілік құқықтың түсінігі, субъектілері және қайнар көздері.
15. Мемлекеттік қызметтің түсінігі мен принциптері.
16. Әкімшілік құқық бұзушылық және оның құрамы.
17. Әкімшілік жазалардың негізгі түрлері.
18. Құқық қорғау органдарының түсінігі және ерекшеліктері.
19. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі.
20. Прокуратура және оның өкілеттіктері.
21. Әділет органдарының өкілеттіктері мен құрылымы.
22. Ішкі істер органдары және олардың құзыреті.
23. Ұлттық қауіпсіздік органдары және олардың өкілеттіктері.
24. Адвокатура және оның өкілеттіктері.
25. Нотариат және оның функциялары.
26. Азаматтық құқықтың түсінігі, субъектілері және қайнар көздері.
27. Азаматтық құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі.
28. Жеке және заңды тұлғалар.
29. Азаматтық құқықтағы мәмілелер.
30. Меншік құқығы және оның құрамы.
31. Отбасы құқығының түсінігі, субъектілері және қайнар көздері.
32. Неке: жасасу, тоқтату және бұзу негіздері.
33. Ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттері.
34. Еңбек құқығының түсінігі, субъектілері және қайнар көздері.
35. Еңбек шарты: мазмұны мен жасалу тәртібі.
36. Жұмыс уақыты және демалу уақыты.
37. Қылмыстық құқықтың түсінігі, субъектілері және әдісі.
38. Қылмыс туралы түсінік. Қылмыс құрамы.
39. Қылмыстық жаза және оның түрлері.
40. Іс-әрекеттің қылмыстылығын болдырмайтын мән-жайлар.
41. Экологиялық құқық түсінігі. Экологиялық құқық жүйесі.
42. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік.
43. Жер құқығының пәні. Жер қатынастарын құқықтық реттеу әдістері.
44. Жерге қатысты құқық бұзушылықтар: түсінігі және түрлері.
45. Халықаралық жеке құқықтың қайнар көздерінің түсінігі және түрлері.

<b>ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы	044-60/11
Бақылау өлшеу құралдары	3 беттің 3 беті

46. Экономикалық теорияның негізгі даму кезеңдері.
47. Экономикалық теорияның пәні. Экономикалық теорияның атқаратын қызыметтері. Экономикалық ғылымның әдістемесі.
48. Экономикалық жүйелердің типтері.
49. Еңбек процесінің карапайым сәттері. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар. Ресурстардың шектеулілігі және қажеттіліктердің шексіз проблемасы.
50. Меншік экономикалық, заңы және тарихи категория ретінде. Меншік субъектілері мен объектілері. Меншіктің түрлері.
51. Нарықтың экономика жағдайындағы кәсіпкерлікті экономикалық жүзеге асырудың тәсілі ретінде. Кәсіпкерліктің түрлері мен нысандары. Кәсіпорындардың үйимдық-құқыктың нысандары.
52. Қоғамдық шаруашылықтың негізгі нысандары мен үлгілері. Натуралды шаруашылық, оның белгілері мен ерекшеліктері. Тауарлы шаруашылық: пайда болу шарттары мен себептері, негізгі белгілері.
53. Тауар және оның қасиеттері.
54. Құн нысандарының дамуы мен ақшаның пайда болуы. Ақшаның мәні мен атқаратын қызыметтері. Құн заңы және оның атқаратын қызыметтері.
55. Нарықтың қалыптасуының объективті негіздері. Нарық объектілері мен субъектілері.
56. Нарықтың мәні мен атқаратын қызыметтері. Нарықтың құрылымы мен инфрақұрылымы. Нарықтың артықшылықтары мен кемшіліктері.
57. Сұраныс заңы. Сұраныс қисығы. Сұраныска әсер ететін факторлар.
58. Ұсыныс заңы. Ұсыныс қисығы. Ұсынысқа әсер ететін факторлар. Сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекеті. Нарықтың тепе-тендік.
59. Бәсекениң мәні, оның экономикалық рөлі. Жетілген және жетілмеген бәсеке теориясы. Монополияға қарсы заңдар мен монополияға қарсы саясат.
60. Шығындар түрлері және олардың жіктелуі: сыртқы және ішкі, айқын және айқын емес, бухгалтерлік және экономикалық шығындар. Қарапайым пайда шығындар элементі ретінде.
61. Тұрақты және өзгермелі шығындар. Жалпы, орташа және шекті шығындар, олардың өзара байланысы.
62. Фирма табысы: жалпы, орташа, шекті. Өндіріс шығындарын минимизациялау мен пайданы максимизациялау.
63. Жалақы. Еңбекақы төлеу нысандары мен жүйелері. Номиналды және нақты жалақы.
64. Ұлттық экономика түсінігі, мақсаттары және құрылымы.
65. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. Ұлттық экономиканың басты бағыты ретінде Қазақстандық кластерлер жүйесін құру.
66. Экономикалық өсу: мәні, көрсеткіштері және факторлары.
67. Экономикалық цикл және оның түрлілігі. Циклдың фазалары. Дағдарыс: маңызы, себептері, көрсеткіштері мен түрлері.
68. Инфляцияның мәні, себептері мен көрсеткіштері. Инфляция түрлері.
69. Жұмыссыздық: мәні, себептері мен нысандары. Оукен заны.
70. Нарықтың экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі.
71. Қаржы жүйесі және оның құрылымы. Мемлекеттік бюджет. Бюджет тапшылығы.
72. Салықтар. Қазақстан Республикасының салық және фискалды саясаты.
73. Ақша нарығы. Ақшаға сұраныс. Ақша ұсынысы. Кредит және оның формалары.
74. Банктік жүйе. Қазақстан Республикасындағы акша-несие саясаты.

<b>ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы	044-60/11
Бақылау өлшеу құралдары	3 беттің 4 беті

75. Халықаралық еңбек бөлінісі дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуының негізі ретінде. Салыстырмалы артықшылықтар теориясы. Элемдік мәселелердің қалыптасуы және мәні. Ғаламдық проблемалардың экономикалық жақтары.

#### Жағдаяттық тапсырмалар:

- Мемлекет деген не атты мәселені талқылау кезінде Семенов пен Сидоров арасында пікірталас болды. Семеновтың пікірінше, мемлекет-географиялық құрылым, ал Сидоровтың пікірінше — саяси билікті ұйымдастыру. Дауды шешіңіз.
- Студент Петров мемлекеттің белгілерін анықтай отырып, басқалармен қатар қоғамдық билікті, билеуші партияны, аумақты атады. Студент Филон мұндай белгілерге салық, халық, құқық кіретінін атап өтті. Сіз мемлекеттің қандай белгілерін білесіз?
- Қоғамның саяси жүйесінде мемлекет Орталық жетекші орынға ие, өйткені ол: а) егемендіктің бірыңғай тасымалдаушысы; б) заң шығаруда монополияға ие; (жалғастырыныз)
- Ежелгі зангерлер: "құқық-жақсылық пен әділеттілік өнері", - деді. Бұл өрнекті қалай түсінетініңізді түсіндіріңіз. Ол құқықтық нормаларға қандай талаптарды қамтиды?
- Томас Гоббс бұл құқық басқалардың үстінен жоғарғы билік шоғырланған адамдардың еркінің жемісі екенін атап өтті. Сіздің ойыңызша, бұл мәлімдеме рас па? Сіздің жауабыңызды тарихтан нақты мысалдармен негіздеу қажет.
- Кестені толтырыңыз. Адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары. ҚР Конституциясына сәйкес кестені толтырыңыз.

<b>Жеке құқықтар мен бостандықтар</b>	<b>Экономикалық және әлеуметтік құқықтар мен бостандықтар</b>	<b>Саяси құқықтар мен бостандықтар</b>
---	---	--

#### 7. Сәйкестікті табыңыз:

1. Президент	А. Заңнамалық функцияларды жүзеге асыратын Республиканың жоғары өкілді органы болып табылады.
2. Парламент	В. Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылықты жүзеге асырады.
3. Үкімет	С. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындастырын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін оның жоғары лауазымды тұлғасы болып табылады.

8. Қазақстан өзін президенттік басқару нысаны бар демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Бұл нені білдіреді?

9. Аз. Микееваға "жалған жедел жәрдем шақырғаны үшін" әкімшілік жаза қолданды. Жедел жәрдемді

<b>ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы	044-60/11 3 беттің 5 беті
Бақылау өлшеу құралдары	

жалған шақыру әкімшілік құқық бұзушылық па?

**10.** Облыстың бас санитарлық дәрігері дәретханаларды ұстау ережелерін бұзғаны үшін мемлекеттік ЖОО ректорына 200 АЕК көлемінде айыппұл салды. Сұрақ; айыппұл занды салынды ма?

**11.** Фельдшер Аббасова, Илевтің қатерлі ісікке шалдыққан науқастың тұрақты өтініші бойынша, оған үлкен дозада ұйықтататын дәрі берді, бұл науқастың өліміне себеп болды. Кейіннен науқастың туыстары науқастың өліміне себеп болған фельдшердің әрекеттеріне шағым түсірді. Аббасова өзінің іс-әрекетін қатты ауырсынуға шалдыққан науқастың тағдырын жеңілдеткісі келетіндігімен түсіндірді және оның өтініші бойынша ұйықтататын дәрілердің үлкен дозасын енгізді. Заң бұзушылықтар бар ма? ҚР-нда эвтаназияны жүзеге асыруға егер рұқсат етілсе, қандай жағдайларда рұқсат етіледі?

**12** Сынып оқушысы Леснов жол – көлік оқиғасынан зардал шекті, омыртқасынан жарақат алды және көп қан жоғалтты. Оның туыстары мектеп әкімшілігінен және Лесновтың сыныптастарынан қан тапсыруды сұрады. Жағдайға құқықтық талдау жасаңыз. Қандай адамдар донор болуға құқылы?

**13.** Жеке ұйымда басшының бүйірімен ұйымның үй-жайларында темекі шеккені үшін 500 теңге көлемінде айыппұл салынды. Бұл ретте темекі шегуге арналған арнайы орындар жабдықталды. Осы ұйымның қызметкерлері бұл бүйірік олардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп есептеп, прокуратураға шағым түсірді. Сұрақ:

ұйым басшысының шешімі занды ма? Азаматтардың құқықтары бұзылған ба?

**14.** Белгілі халық емшісі Али баба қалаға тек 1 күнге келді. Емшіні қабылдауға келгісі келетін азаматтардың көптеген өтініштері бойынша олар қалалық стадионда бір уақытта барлық ниет білдірушілерді қабылдау туралы шешім қабылдады. Прокуратура қызметкерлері бұл фактін анықтап, ондағы денсаулық сақтау туралы заңнаманың бұзылуын байқады. Емшінің құжаттарын тексеру қорытындысы бойынша оның өз қызметін лицензия негізінде жүзеге асыратыны, бірақ медициналық білімі жоқ екені анықталды. - Жағдайды заң түрғысынан шешіңіз. Денсаулық сақтау туралы заңнаманы бұзу бар ма?

**15.** Он алты жасар Асқар Алматы қаласындағы шағын базарлардың бірінде жұмыс жасайды. Ол өзінің сыныптасы Арманнан сағат сатып алғып, оған табысының жартысын жұмсады. Асқардың анасы ұлының осындай қымбат затты сатып алғанына наразы болып, Арманның әкесінен ұлының ақшасын қайтаруды талап етті. Әкесі ұлының іс-әрекетіне қарсы емес екенін айтып, ақшаны қайтарудан бас тартты.

1) Егер бұл істі сот қараса, судья қандай шешім шығаруы керек?

2) Жауаптарыңызды жазыңыз және оларды белгілі бір заның баптарына сілтеме жасай отырып дәлелдеуге тырысыңыз?

**16.** 8 жасар Беріктің әкесі ұлының атынан сыйға тарту туралы келісім жасады. Шарт бойынша Берік ағасының үйін жеке меншік құқығымен иеленді және занды түрде үйді өзіне рәсімдеді.

1) Шарт занды түрде жасалған ба?

2) 8 жасар Берік үйдің қожайыны бола ала ма?

**17.** Республикалық мерзімді басылымдардың бірінде А.азаматының жеке өмірі мен кәсіпкерлік қызметі туралы қызықты материалдар жарияланды. мақалада автор А. азаматының қазіргі кәсіпкерлік қызметі алайқтық пен парақорлықтың нәтижесі, ұлын пара үшін жақсы орынға орналастырғаны туралы жазады. Азамат А. өзінің абырайын қорғау үшін сотқа шағым түсірді. Сот отырысында мақала авторы өз материалының дұрыстығын дәлелдей алмады. Сот сол газете мәліметтерді теріске шығару және ірі мөлшерде ақшалай айыппұл салу туралы шешім қабылдады.

**18.** Ерлі-зайыптылар Петрова А. С. және С. С. занды некеде болды, олардың бірлескен кәмелетке

<b>ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы	044-60/11
Бақылау өлшеу құралдары	3 беттің 6 беті

толмаған балалары бар. Неке бұзылған кезде сот ерлі-зайыптылардың балаларын Петрова А.С.ға қалдырыды, бірақ Жұбайы Петров С. С. бұған келіспеді және жоғары түрған органға шағым түсіріп, сот шешіміне шағымдануға шешім қабылдады. Бірақ Жоғарғы сот шешімді өзгеріссіз қалдырыды. Сұрақ: 1. Ерлі-зайыптылардың балаларын Петрова А.С.ға қалдыру туралы сот шешімін түсіндіріңіз. 2. Заңның бабына сілтеме жасап отырган соттың әрекеттері дұрыс па?

19. Ерлі-зайыптылар Федоровтар А. В. және С. С. заңды некеде болды, олардың бірлескен кәмелетке толмаған балалары бар. Бірақ, сот оларды ата-ана құқығынан айырды, өйткені олар алкогольді асыра пайдаланды және балаларға тиісті тәрбие бермеді, Олардың бұл мінез-құлқы балаларға нашар әсер етті, сонымен қатар сот ата-анасынан алимент өндіртіп алды.

Ата-аналар қорғаншылық және қамқоршылық үйымдарына өздерін ата-ана құқықтарынан заңсыз айырды деп жүгінді. Бірақ қорғаншылық және қамқоршылық үйымы оларға бұл мәселелерді қарастырмайтынын түсіндірді.

Сұрақ:

1. Соттың әрекеті заңды ма?
2. Ерлі-зайыпты Федоровтар қандай органға жүгінуі керек?
3. Ерлі-зайыптылар өз құқықтарын қалпына келтіре алғатынын түсіндіріңіз.

20. Азаматтар Иванова В. Л. және Иванов С.К. азаматтық некеде болды, оны діни мекемеде тіркеді. Бірге тұру кезінде мұлік пайда болды, бірлескен кәмелетке толмаған балалар болмады, олардың некелері бұзылды. Азамат В. Л. Иванова некені бұзу және мұлікті бөлу үшін сотқа жүгінді. Бірақ сот одан бас тартты. Сұрақ: соттың әрекеті дұрыс па? Нормативтік актінің мақаласына сілтеме жасай отырып түсіндіріңіз.

Неке жасасуға кедергі келтіретін жағдайларды шешініз және шарттарын көрсетіңіз ?

21.Әйелі мен екі кәмелетке толмаған баласы бар, Астанада тұратын 50 жастағы Н. азамат Шымкентте тұратын 45 жастағы М. азаматпен некеге тұру туралы өтініш берді. Оларды некеге тіркеуден бас тартты. Неліктен?

22. Уш жыл бойы жас жігітпен кездескен 22 жастағы қыздың туыстары оған: "Егер сіз біздің Ольгамен заңды некеге тұрмасаныз, онда сіз одан әрі жұмысынан жоғалтасыз және одан әрі мансабынан жағдай түбекейлі балта шабасыз", - деді. Ольганың туыстары қандай құқықтық нормаларды бұзып отыр.

23. Азамат Петров В. (19 жаста) және Иванян и. (16 жаста) АХАТ үйымдарына некеге тұру туралы өтініш берді. Оларға бас тартылды. Неліктен?

24. Некеден кейін азамат Ветрова күйеуінің тұқым қуалайтын психикалық аурумен ауыратынын білді. Ол АХАТ үйымдарына некені бұзу туралы өтінішпен жүгінді. Онда ол күйеуінің ауруын ажырасудың негізгі себебі ретінде көрсетті. Ветрованың мұндай құқығы бар ма?

25. Азамат Қалиев Қызылорда қаласындағы кәсіпорындардың біріне жұмысқа орналасты. Алайда, бір аптадан кейін ол әкімшілікке жұмыстан босату туралы өтініш жазды. Зауыт әкімшілігі қызметкердің өтінішін қанағаттандырудан бас тартты

- 1) әкімшіліктің шешімінде заңсыз әрекеттер бар ма?
- 2) жұмыстан шығару тәртібі туралы айтып беріңізші?

26. Катя автобус жүргізушісі болуды көптен армандаған. Осындай өтінішпен ол қалалық көлік кәсіпорнына жүгінді. Кәсіпорын директоры қыздың жынысына және оның жұмыс түріне сәйкес келмеуіне сілтеме жасай отырып, оның өтінішін қабылдаудан бас тартты.

- 1) бұл жағдайда директордың бас тартуы орынды ма?
- 2) Катя қай органға шағымдануы керек?

<b>ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы	044-60/11 3 беттің 7 беті
Бақылау өлшеу құралдары	

27."Азурит" ЖШС әкімшілігі өз қызметкерлерін кәмелетке толмағандардан, мүгедектерден, жүкті әйелдерден басқаларды, жұмыс жоспарын орындау қажет деген уәжбен олардың келісімінсіз үстеме жұмысқа тартты. Алайда, Токарева И. Т. үстеме жұмысты орындауға қарсы болды. Әкімшілік бұйрық шығарып, оған сөгіс жариялады.

Сұрақтар:

1. Әкімшіліктің өз қызметкерлерін олардың келісімінсіз үстеме жұмысқа тартуға құқығы болды ма?
2. Қандай жағдайларда әкімшілік өз қызметкерлерін олардың келісімінсіз үстеме жұмысқа тарта алады?
3. Қызметкер И.Т. Токаревага қатысты әкімшіліктің әрекеттері занды ма?

28. Емхананың емдеу кабинетінің медбикесі Петренко науқас Мурашованаң тамырына бром енгізуі керек еді. Ол шкафтан (әдетте тұрган жерден) түссіз сұйықтық бөтелкесін алғып, затбелгісіне қарамай науқасқа тамыры арқылы құяды. Артынша Мурашовада құрысулар басталды. Петренко салғырттығынан науқасқа улы зат-дикаинді енгізгені белгілі болды. Шұғыл қабылданған шараларға қарамастан, Мурашовтың құтқару мүмкін болмады. Бір сағаттан кейін ол қайтыс болды. Петренконың жасаған қылмысының объективті жағын сипаттаңыз?

29. Науқас П.А.Ивановтың туыстарына бас дәрігер оған шұғыл операция қажет екенін, бірақ жалпы кезекте операцияны "өте ұзак құтуғе" тұра келетінін анық ашық айтады.

Қандай құқық бұзушылық туралы айтылып отыр?

30. Пациенттерге тегін берілетін дәрі-дәрмектерді таратуға жауапты мемлекеттік қызметші А. Н. Ковалев дәрі-дәрмектердің бір бөлігін жеке дәріханаларға оларды әрі қарай жоғары бағамен сату үшін жіберді. Сыбайлас жемқорлықтың қандай түрі туралы айтылып отырғанын және бұл әрекеттің зиянды салдары қандай екенін анықтаңыз?

### Құрастырғандар:

1. Махатова Л.Т- аға оқытушы
2. Қаратаева Ф.М.- аға оқытушы

### «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық

пәндер» кафедрасы менгерушісі: Phd докторы:  
Хаттама №18 Күні:31 мамыр 2023



Нуржанбаева Ж.О.

«Әлеуметтік- гуманитарлық пәндер»  
кафедрасының менгерушісі, т.ғ.к. :  
Хаттама Күні 2023

Аширов Ш. А.